



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Т.Б. Қырықбаевқа
Н.К. Әшімбетовке

2024 жылғы 19 қаңтардағы
№ ДС-521 депутаттық сауалға

**Құрметті Темір Базарбайұлы
және Нұржан Кемерұлы!**

Жаңа жыл мерекесін қаржыландыру және жергілікті бюджеттердің бөлінуіне және жұмсалуына қоғамдық бақылауды күшейтуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Жаңа жыл мерекесін қаржыландыруға қатысты.

Елімізде атап өтілетін мерекелердің құқықтық негіздері «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

Жаңа жыл қоғамдық-саяси маңызы бар дәстүрлі түрде азаматтарымыз атап өтетін мемлекеттік мереке болып табылады.

Жаңа жылды мерекелеу қолданыстағы заңнама шеңберінде және жұртшылықтың ұсыныстары мен әрбір өңірдің ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Сонымен қатар өңірлерде жаңа жылдық безендіруге көпжылдық мерекелік атрибуттарды пайдалану және қосымша демеушілік қаражат тарту практикасы қалыптасқан.

Бұл ретте 3 өңірде қатты екпінді желдің нәтижесінде жаңа жылдық шыршалардың құлау фактілері бойынша тиісті шаралар қабылданды.

Маңғыстау облысының орталығында құлаған мерекелік шырша қосымша нығайтылып, демеушілік қаражат есебінен безендірілді.

Павлодар облысында шыршаны тиісінше нығайтпау фактісі бойынша орындаушы «ERTIS SU PVL» КММ-нің директоры қызметінен босатылды.

Сондай-ақ ауа-райының қолайсыздығына байланысты өңірлерде мұз айдындарын, хоккей корттарын құю жұмыстары уақтылы аяқталмады.

Өз кезегінде Қарағанды облысының Шахтинск қаласында хоккей кортын құю жұмыстары аяз басталысымен аяқталып, қазіргі уақытта тұрғындар пайдалануда. Павлодар облысында еріген мұз мүсіндері мердігерлік ұйым есебінен қалпына келтірілді.

Бұл мәселе жергілікті атқарушы органдардың бақылауында.

Бюджет қаражатының жұмсалуына қоғамдық бақылауды күшейтуге қатысты

Өңірлерде бюджеттің жобасы Қоғамдық кеңес отырысында талқыланады. Жобалар ашық нормативтік құқықтық актілер порталында орналастырылады және мәслихат сессиясының жария тыңдауларында бекітіліп, нақтыланады.

Ал бюджеттік бағдарламаларды және оның іске асырылуы туралы есептер «Ашық бюджеттер» интернет-порталында жүйелі түрде жарияланады.

Бұған қоса, «Халық қатысатын бюджет» жобасы жергілікті бюджет қаражатын тұрғындардың қатысуымен бөлуге мүмкіндік береді.

Жергілікті бюджет қаражатының бөлінуіне және жұмсалуына қоғамдық бақылауды күшейту бойынша әкімдіктерге қосымша тапсырма берілді.

Т. Дүйсенова